

І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

январь Жұма

шығуына 32 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ІҚ-САЯСИ ДЕТ

не КК(б)П V съезінің
а ала отырып, идео-
құмысын жолға қою
жұмыстар істеді және
қатар партия комитет-
партия ұйымдары ком-
қ теориялық жағынан
есін мықтап қолға ал-
ерді тәрбиелеу ісіне
болды.

И. Микоян атындағы
Мамлют ауданының
колхозының партия
бірсыпыра ұйымдарда
тәрбиелеу ісіне айы-
беріліп келеді. Бұл
да партия қатарына
ндардың кандидаттық
үрде өтпейді. Бұл мер-
шелігіне кандидаттар
гия ұйымының барлық
ене араласуда больше-
тебіннен өтеді, саяси
ы.

партия ұйымдарында
идеялық саяси тәр-
ті маңыз берілмей кел-
зды жұмыс партия
встауыш ұйымдардың

Өнеркәсіп орындарында



Петропавл паровоз депосының электр
сымын ораушысы В. Крылов жолда
электр моторларын қайтадан орау жұмы-
сында мена сайын үш нормадан орын-
дап жүр.

СУРЕТТЕ: В. Крылов жолдас.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Ұншылардың табысы

Партия ұйымдарының бүкіл жұмысы коммунистер на-
ғыз большевиктік тәрбие және большевиктік партиялық
мектебінен өтетіндей, өздерінің саяси дәрежесін үздіксіз кө-
теретіндей, партиямыздың теориясы мен тарихын толық
меңгеретіндей дәрежеде ұйымдастырылуы керек. Жас комму-
нистерді идеялық-саяси жағынан тәрбиелеп, жетілдіру—пар-
тия ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Мал шаруашылығы

Сыйырды электр күшімен сауу

Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық
өнімді мал шаруашылығын өркендетудің
үшжылдық жоспарының орындалуы және
жаңа жылда оның онан әрі өркендеуінің
қамтамасыз етілуі мал шаруашылығы-
ның алдына жаңа және аса маңызды
міндет — колхоздардың мал шаруашы-
лығындағы еңбекті көп керек ететін жұ-
мыстарды механикаландыру, әсіресе, сый-
ырларды электр күшімен сауу міндетін
қояды.

Мал шаруашылығын өркендетудің
1951—1955 жылдарға арналған мемле-
кеттік жоспары бойынша облысымыздың
ірі сүт товарлы фермалары бар колхоздары-
нда сыйырларды электр күшімен сауу
қарастырылып отыр. Кәзір 13 колхоз,
оның ішінде Преснов ауданындағы Воро-
шилов атындағы, Октябрь ауданындағы
«Тигант», Петропавл ауданындағы
Сталин атындағы колхоздар сыйырларды
электр қуатымен сауатын машиналарды
пайдалана бастады.

Елімізде қолданылып жүрген Сталин-
дік сыйлықтың лауреаттары Королев,
Краснов және Мартюгин жолдастар жаса-
ған сыйыр сауатын машина түрне түрін-

дың еңбек өнімділігін екі еседен аса арт-
тыратынын көрсетті. Машинамен сауғанда
сыйырдың 4 емшегі бірдей бір мезгілде
сауылады, ал, бір сауыншы екі аппарат-
ты бірдей қамти алады, яғни бір мезгілде
екі сыйырды сауады. Сонымен бірге, ма-
шина сауыншының еңбегін өте-мөте же-
ңілдетеді. Сыйырды машинамен сауғанда
сауыншының атқаратын ролі сол — ол
машинаның дұрыс жұмыс істеуін бақы-
лайды, желінге массаж жасау және қол-
мен сауып көру арқылы машинаның
қаншалықты сапалы сауғанын анықтай-
ды, желінде қалған сүтті сауып бітіреді.
Сыйыр сауатын машинаны дұрыс пайда-
лану үшін оның құрылысын, жұмыс істеу
ерекшеліктерін, реттеу және пайда-
лану тәртіптерін жақсы білу керек. Ма-
шинаның негізгі жұмыс істейтін органы
—сауу стақаны. Стақанның емшектің
астында ауасыз бос орын пайда болатын
камерасы болады. Желіндегі сүт ауа қы-
сымымен сол камераға сауылып отыра-
ды.

Сыйырды машинамен сауғанда оған ал-
дың-ала дайындалып, желінге қолмеч
сауғандағы сияқты массаж жасау керек.

және желінің кейбір бөлегінің саулығын
нашарлатуы мүмкін. Сүттің сауылуын
тездету және желінде қалып қоятын сүт-
ті азайту үшін желіннен стақандарды
алардан 1-1,5 минут бұрын желінді ысу
арқылы массаж жасау қажет.

Сыйырлар машинамен саууға өте
ұқыптылықпен, біртіндеп-біртіндеп кө-
шірілуге тиіс. Өйткені, сыйырлар маши-
наның дауысына үйренбей тұрып, сүтті
көмігін жіберуі мүмкін.

Сыйыр сауатын машинаны дұрыс пай-
далану сыйырлардың сүттілігін және
сүттің сапасын арттырады. Сүт сауатын
шелек және шлангтердің жабық болуы
сүтке шаң түсуден сақтандырады.

Отардағы сыйырлардың 95—98 про-
центін машинамен саууға болатынын
тәжірибе көрсетіп отыр. Тек желіні және
емшектерінің құрылысы дұрыс емес же-
не жұмыс істеуі нашар, емшектері кіш-
кентай немесе емшегінде жарасы бар
сыйырлар ғана қолмен сауылады.

Жаңа бұзаулаған сыйырларды желіні
қалпына келгеннен кейін 5—10 күннен
соң машинамен саууға болады. Сыйырлар-
ды машинамен саууды меңгеру сүт шар-

үшін үздіксіз оқу, іздену, еңбек істеу үшін өрісті кеңіту қажет.

Өткен жылдың октябрь айында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы «Республика партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» мәселе талқылап, партия ұйымдарының назарын еңбекшілер арасындағы саяси тәрбие жұмысын, коммунистердің марксистік-лениндік оқуын мейлінше жақсартуға аударды. Партия ұйымдарының бүкіл идеологиялық жұмысындағы кемшіліктерді батыл жойып, оны жаңа, жоғары дәрежеге көтеру керек — пленум қойған негізгі міндет осы болды. Қазақстан большевиктерінің V съезі де республика партия ұйымдарының идеологиялық жұмысы жайын тереңнен талқылап, идеологиялық тәрбие ісінің міндеттерін және оны жүзеге асыру жолдарын көрсетті.

Облысымыздың партия ұйымдары К(б)П Орталық Комитеті VIII пленумы

даушылардың түгел қатысушылығы, сабақтың идеялық төмен дәрежеде өтуі сияқты елеуді кемшіліктер әлі орын алып келеді. Бұл кемшіліктерді ендігі жерде мейлінше тез жою керек.

Әресе, кандидаттық стаждары өтіп кеткен партия мүшелігіне кандидаттармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлу керек. Партия ұйымдары партия мүшелігіне әрбір кандидатты тәрбиелеуге күнбе-күн қамқорлық жасауға, оны Ленин—Сталин партиясының нағыз күрескері етіп тәрбиелеуге міндетті.

Партия ұйымдарының бүкіл жұмысы коммунистер нағыз большевиктік тәрбие және большевиктік партиялық мектебінен өтетіндей, өздерінің саяси дәрежесін үздіксіз көтеретіндей, партиямыздың теориясы мен тарихын толық меңгеретіндей дәрежеде ұйымдастырылуы керек. Жас коммунистерді идеялық-саяси жағынан тәрбиелеп, жетілдіру — партия ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Коммунизмнің ұлы құрылыстарына Москваның көмегі

9 январь күні Москваның трансформатор заводы Сталинград су-электр станциясының құрылысшыларына ірі екі трансформатор жөнелтті. Бұлар коммунизмнің алып құрылыстары үшін 1952 жылы жасалған алғашқы қуатты агрегаттар.

Ұлы құрылыстардың жаңа заказдарын орындау үстінде кәсіп орнының коллективі үлкен еңбек өрлеуін көрсетуде. Цимлян су торабы үшін электр машиналарын жасап жатқан стахановшы механикалық жыйнау цехында көптеген құрастырушылар еменалық тапсырмаларын екі еседен асыра орындауда. Жаңа жылдың алғашқы аптасында трансформатор заводы Цимлян су торабына қуатты он энергетикалық агрегаттар жөнелтті.

ҰЛЫ ҚҰРЫЛЫСТАР ҮШІН

ЕРЕВАН, 5 январь. (СОТА). Бүгін Ереванның «Автодеталь» заводы Сталинград су электр станциясы, Оңтүстік-Украина және Солтүстік Қырым каналдарының құрылысшыларына 173 жәшік авто-

Москваның ондаған өнеркәсіп орындары Еділ-Дон құрылысы, Түркмен Бас Каналы, Еділ және Днепрдегі су-электр станциялары құрылысшыларының жаңа заказдарын орындауға кірісті. Оларға автомобильдер, құрылыс механизмдері, электр жабдықтары, алуан түрлі материалдар мен аспаптар жөнелтілуде.

Москваның «Компрессор» заводы жасап шығарған машиналар ұлы құрылыстарда ойдағыдай жұмыс істеуде. Кәзір осы заводтың цехтарында Куйбышев су торабы құрылысшылары үшін қатты ауа тартқыш компрессорлар шығарылуда. Завод бірінші тоқсанның ішінде мұндай машиналардың үшеуін жөнелтеді.

(СОТА).

мобиль бөлшектерінің әртүрін жөнелтті.

Ереванның кабель жасайтын заводының коллективі Еділ-Дон кеме жүруші каналының құрылысшылар заказын орындауға кірісті.

рылды. Мұның өзі өнім шығаруды және оның сапасын арттыруды қамтамасыз етті. Мәселен, Явленка диірменінде үн үретін машинаға жаңа жабдықтардың орнатылуы диірменнің жұмыс өнімділігін 40—50 процент арттырды.

Завод басқармасына қарасты кәсіп орындарының коллективтері қолжеткен табысты баянды ету үшін кәзір қажырлылықпен еңбек етуде. **К. МАМОНТОВ,** «Сельхозмуна» завод басқармасының директоры.

Колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы туралы

Егіс көлемін үздіксіз ұлғайтып, егін өнімін арттыру, қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендету түсіп, елдігіме мал шаруашылығы өнімдерін еседеп мол беру, ол үшін егін және мал шаруашылығының мәдениетін барынша көтеру — міне, үкметіміз бен партиямыз колхозшы шаруалардың алдында осындай күрделі міндеттер қойып отыр. Бұл сияқты күрделі міндеттердің ойдағыдай орындалуы колхоз өндірісіне алдыңғы қатарлы агробиологиялық ғылымның табыстарын кеңінен енгізуге, озат тәжірибелерді барынша кеңінен насихаттап, оларды жұртшылық игілігіне айналдыруға, колхозшылар мен колхозшы әйелдердің агрономиялық және зоотехникалық-мал дәрігерлік білімдерін арттыруға байланысты.

Преснов ауданындағы Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің басқармасы, колхоз партия ұйымы мен бүкіл колхозшылар бұқарасы социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде зор табысқа жету мәселесіне, міне, осы тұрғыдан қарап келеді. Осының нәтижесінде мұнда соңғы екі жыл бойына колхозшылардың өндірістен қол үзбей өкпейтын агрономиялық ұшжылдық күрсі үздіксіз жұмыс істеуде. Бұл күрсте өткен жылы оқу программасы негізінен ойдағыдай орындалды. Күрстің Михайлов, Савинков және

қышы жылқыны тегіште шығармас үшін күнілгері қысқы жайылымдарды іріктеп алды және оларды пайдаланудың нақтылы жоспарын жасады. Міне, бұл жылқышыға қыстың бірінші күндерінен бастап, жылқыны күйлі ұстауға бірден-бір қолайлы жағдай жасап отыр.

Озат жылқышы үстіміздегі жылыда осындай табысқа жету үшін күресуде.

Ә. САДУОВ.

Мал төл шығынсыз. Бұл мінде оны құна т азықтан орынмен де Алайда, атындағы қанағаттан делі бір де

ты басқарушылық хат топтар қолма-қол, тиіс еді. Б йы бұл ай тық басқару бөп реттер дегі оқуды мейді, мүн ліметтер а кізіп, оқуд мәселемен ды.

Қазақста Партиясын мен алдың хаттау жа дігін атап тия, совет уашылық мықтап ш колхозшыл дастыру — орындарын ге, партия күнбе-күн деген сөз, және совет агро-зоотех рын өтегіз орындарын күрстердің тушыларме луын үнем колхозшыла маңызын т терді дері масыз өте

МЫСЫ

V съезінің кше орындайық нің жыйналысынан)

кен. Ауыл партия таумыс істе-ктепте 35 ш қайда сабақтар іліп жүр, ібі нашар, нағаттанғы ың қоры-нің жайы отыр. Қа-оқушы ртия ұйы-ұрылдану-ың жұмы мыз бен қаулы-қа-бун ба-заводтың сөз сей-ындылары өндірістік орындау-стерінің V әзірлене ім шығару мерзімінен ды, еңбек-німнің тү-ғы және ысқартты-тік жарыс-д, өндіріс-кеңдігінің атарлы жү-300 жаңа-сыныстар-

басқа облыстардан сатып алып жатады. Цимбал жолдас қаржыны талан-таражға және ұрлаушыларға қарсы жеткіліксіз күрес жүргізетіндігі, кадр тәрбиелеу ісін қанағаттанғысыз ұйымдастыратындығы және кадрлар арасындағы тәрбие жұмысын жолға қоймайтындығы үшін бірқатар мемлекеттік және кооперативтік ұйымдардың басшыларын сынады.

Шағын двигательдер жасау заводы партия ұйымының секретары Шатунов жолдас кәсіпорнының жұмысына және заводтың коллективтік стахановтық еңбекке көшу жайына тоқталды. Егер завод жаппай коллективтік стахановтық еңбек кәсіпорнына айналу жөніндегі өзінің міндет-темесін орындай алмаған болса, бұл—заводтың жартылай шикізаттармен уақытылы жабықталмауының салдары. Кәсіп орында осы уақытқа дейін партиялық саяси жұмыс шаруашылық жұмыспен ұштастырыла жүргізілмей келеді. Шешен қалалық комсомол комитетін комсомол ұйымдарының жұмысымен шұғылданбайтындығы, оларға жөн сілтеп отырмайтындығы, тиісті көмек көрсетпейтіндігі, комсомолецтердің социалистік жарысқа қалайша қатысып жүргендігін білмейтіндігі үшін сынады.

Шатунов жолдас еңбектің озат әдістерін жеткіліксіз насихаттайтындығы және өнеркәсіп орындары жұмысын терең зерттеп білмейтіндігі үшін қалалық партия комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімін әділ сынға алды.

Облыстық партия комитетінің секретары Ниязбеков жолдас өзінің сөзінде облыста мал шаруашылығының жайына және мал шаруашылығының жайын



Түркмен ССР. Ташауыз облысы Ильялин ауданындағы «Большевик» колхозы республикада бірінші болып жер суландыру жүйесіне көшті. Ауыл шаруашылығында жер суландырудың жаңа әдісін енгізген Социалистік Еңбек Ері, колхоз председатели Атаев Раджевқұлға сталиндік сыйлық берілді.

СУРЕТТЕ: «Большевик» колхозының магистральдық каналы.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Оқушылардың қысқы

демалысы

Қалай дем алып жатырмын

Бірінші январьдан бастап қысқы демалысқа шықтық. Кәзіргі қысқы демалыс 10-класстың оқушылары, біздер, үшін өткен сабақты қайталау ісіне пайдаланы-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 9 январь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі 9 январь күні былай деп хабарлады:

Корей Халық армиясының құрамалары Қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесіп тығыз қыймыл жасай отырып, барлық майдандарда қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды.

8-январь күні Батыс майданда оннан астам танктердің қолдауымен лисынманшыл әскерлердің 2 батальоны Корей Халық армиясының шептеріне 4 дүркін атақалар жасады. Алайда адам күші және техника жағынан көп шығындарға ұшырап, жау кейін қуылып тасталды.

Орталық майданда жау Халық армия-

сының шептеріне 6 дүркін атақалар жасады, бірақ, әрдайым Халық армиясының бөлімдері дұшпанның атақаларын тойтарып тастап отырды.

Шығыс майданда Халық армиясының бөлімдері жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізіп отырып, американдық армиясының екі рота әскерін жойып жіберді.

9 январь күні Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар Шығыс және Батыс жағалаудағы аудандарға аспаннан шабуыл жасап, осы жағалаулардағы аудандардың бейбіт халықтарын аюандықпен бомбалаған жау самолеттерінің ішінен 5 самолетті атып түсірді.

Американ авиациясының Кореядағы аюандық әрскеттері

ПХЕНЬЯН, 8 январь. (СОТА). 1952 жылдың бірінші аптасының ішінде американдық бомбардировщиктері мен реактивтік истребительдері Пхеньянға және оның төңірегіне күні-түні аюандықпен шабуыл жасауда болды. Январдың жеті күні ішінде қала мен оған жақын аудандарға 500-ге жуық өрт шығарғыш бомбалар тастады. Американ реактивтік истребительдері Пхеньянға баратын жолдардың үстінде кездескен корейліктер мен машиналарды, жалғыз-жарым жаяу адамдарды пулеметпен атқылады. Бейбіт қалаға шабуыл жасаудың нәтижесінде Пхеньянда көптеген тұрғын үйлер өртелді және қыйратылды, көпшілігі балалар мен әйелдер 70-тен астам адам қазаға ұшырады және жараланды.

Американ авиациясы Пхеньянды үюлі балшықтардың орнына айналдырғысы келеді, американдық әуе күштерінің баскесерлері Біріккен Ұлттар Ұйымының туларымен бүркемелене отырып, Пхеньян тұрған

лықты жойып, қаланы топырақ пен қыйраған тастардың орнына айналдыру елі. Біріккен Ұлттар Ұйымының жасыл туымен жасырынған американдық ұшқыштарының адам жаны түршігерліктей қылмыстары мыналар:

Өткен жылы американ авиациясы Пхеньянға екі мыңға жуық шабуыл жасады, оған 5 мыңнан астам неше түрлі самолеттер қатысты. Бомбардировщиктер мен истребительдер қалаға 42 мың бомба жаудырды. Төңірегіндегі қалаларсыз Пхеньянның көлемі 50 текше километр, олай болса қаланың әрбір текше километріне бір мыңға жуық бомба тасталғаны.

Қаланың кейбір аудандарында көптеген көшелер бомбалар қазған шұқыршақтардың орнына айналды, ол жерлерде тұрғын үйлердің күл-пәршашы шыққан қалдықтары ғана жатыр.

Қаланың қазаға ұшыраған және жараланған бейбіт адамдарының саны американдық әуе күштерінің тұтандырушылары үшін

Советі атқомінің председателі Савин жолдас өзінің сөзін қаланың коммуналдық шаруашылығының жайына, бұл салада көп кемшіліктердің кездесіп отырғандығына арнады. Савин жолдас қаланы көрмейтуге нашар қатысатын, тіпті бұл жұмысқа бөгет жасап, қаланың коммуналдық шаруашылығына зиян келтіріп жүрген кейбір өнеркәсіп орындарының басшыларын әділ сынады. Мәселен, электр қуатын өткізбейтін жабдықтар өндіретін заводтың директоры Кузин жолдас заводта пайдаланылған лай судың тикелей Есілге ағызылуына жол беріп, қаланың Ойкала бөлегіне көп зиян келтіріп жүр. Савин жолдас жекелеген республикалық Министрліктердің басшылары тарапынан қаланың мұқтажына тиісті көңіл бөлінбейтіндігіне, тұрғын үй-тұрмыс қажетіне қаржының аз берілетіндігіне, әсіресе, мектеп құрылысы, каналдыру және тұрғын үй құрылысы мәселелерінің өз дәрежесінде еместігіне нақтылы мысалдар келтірді.

Облыстық партия комитетінің мүшесі Тужинов жолдас өзінің сөзін қаланы көркейту және сауда жұмысын жолға қою мәселесіне арнады, қаланы көркейтудегі және сауда орындары мен жергілікті өнеркәсіп орындарының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді атап-атап көрсетті.

Облыстық партия комитеті мектеп бөлімінің меңгерушісі Митрофанов жолдас идеологиялық мәселелерге және қаладағы оқу-ағарту ісінің жайына тоқталды. Шешен мектептер мен техникумдардың жекелеген мұғалімдерінің сабақ беруде елеулі кемшіліктерге жол беретіндігі, оқушылар арасындағы саяси-тәрбие жұмысының қанағаттансыздығы туралы айтты, мектептерге жеткіліксіз көңіл бөлетіндігі үшін қалалық партия комитетін сынады. Митрофанов жолдас қалалық партия комитетінің мұғалімдерді партия оқуына тартпағандығына нақтылы мысалдар келтірді. Бешін марксизм-ленинизм университетінен оқу жылы бастал-

майлықты қарсы алғандығын айтты. Кәсіпорны жалпы өнім шығару жөніндегі жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын әдеуір артығымен орындады. Комбинатта стахановшылар саны үздіксіз өсіп келеді. Көптеген бригадалар «мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада» деген атаққа ие болды. Егер шикізатпен жабдықтау сіндегі үзілістер, жұмыстағы маусымдылық және еңбекті көп керек ететін жұмыстардың қанағаттанғысыз механикаландырылуы сыяқты кемшіліктер кездестірген болса, кәсіпорнының табысы бұдан да зор болар еді. Бұдан әрі, Галныгин жолдас Министрліктің, қалалық және облыстық партия комитеттерінің, әсіресе, перспективалы мәселелерді шешуде комбинатқа күнбе-күн және тиісті көмек көрсетпей жүргендігін айтты. Ол облыстық партия комитетінен комбинатты шикізатпен және материалдармен үздіксіз жабдықтап отыру мәселесін тиянақтан шешуді өтіңді.

Бұдан кейін жарыссөзге шыққан облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары Цимбал жолдас өзінің сөзінде сауда және жергілікті өнеркәсіп пен қолөнер кооперациясының жұмысын дақсарту мәселелеріне тоқталды. Барлық үмкіншіліктің жеткілікті болғандығына арамастан, облыстық сауда орындары 951 жылы товар айналымының жоспаынан орындай алмады. Бұл ұйымдар халықтың мұқтажымен санаспайды, істе инициатива және жеделділік көрсетпейді.

Жергілікті өнеркәсіп пен қолөнер кооперациясы көпшілік қолды бұйымдарды жеткіліксіз өндіреді. Бұл бұйымдар жөніндегі жұртшылық мұқтажымен есептеспейді және кейде өнімді сапасыз өндіре салады. Мәселен, жергілікті өнеркәсіп бір жыл ішінде 1 миллион сомнан аса қаржының көпшілік қолды бұйымдарын сауда орындарына бере алмады. Кейбір қолөнер артельдері тез өтетін көпшілік қолды бұйымдар өндіргенімен, оларды басқа облыстарға шығарып сатады, ал сауда орындары мұндай бұйымдарды

Қалалық комсомол комитетінің секретары Кәрімова жолдас комсомол ұйымының жұмысы және оның партия ұйымы тарапынан алып отырған көмегі туралы айтты.

Бұдан кейін сөз сөйлеген облыстық байланыс басқармасының бастығы Жақыпов жолдас телефон байланысын ұлғайту, аудандарды, селолық Советтерді, колхоздарды, совхоздар мен МТС-терді радиоландыру жөнінде істелген жұмыстар туралы баяндады. Жақыпов жолдас байланыс Министрлігін Петропавл қаласында жаңа автоматты телефон станциясын салуға көмек көрсетпей отырғандығы үшін сынады.

—Өткен күзде,— деді ол,—облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті облыс колхоздарын жаппай радиоландыру жөнінде қарар қабылдады. Бұл қарарды орындай отырып байланыс орындары 27 радио торабын салды және 730-дан аса радиоприемниктер орнатты. Бұл маңызды істе қаланың кәсіпорындары бізге көп көмек көрсете алар еді, бірақ, олар бұдан тыс қалып келеді. Облыстық комсомол комитетінің де облысты жаппай радиоландыру жөніндегі бастамаға жаршы болған комсомол ұйымдарына басшылығы нашар.

Жыйналыстың соңында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Секретары Афанов жолдас сөз сөйлеп, облыстық партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының алдына Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясы V съезінің қарарын орындау жөнінде нақтылы міндеттер қойды.

Партия активіне қатысушылар қаулы қабылдап, Қазақстан большевиктері V съезінің қарарын толық қуаттады және оны басшылыққа, сөзсіз орындауға қабылдады.

Жыйналысқа қатысушылар зор өрлеу үстінде коммунистік партия мен совет халқының ұлы көсемі Сталин жолдасқа хат қабылдады.

2-3-4 күндері мектепте оқушылардың шахмат турнирі өткізілді. Турнирде 7-класс оқушысы Қазыкеев мектептің дойбы-шахмат жөніндегі чемпионы деген атаққа ие болды.

Сонымен бірге, демалыс күндерінде өткізілген шаңғы жарысында 6-класс оқушысы С. Темірқанов шаңғымен жүрудің шебері екендігін көрсетті. Оқушылар бос уақыттарын көбінесе мектеп кітапханасында өткізді.

Қысқы демалыс күндерінде бос уақыттарын дұрыс пайдалану мақсатында оқушылар колхозға көмектесуді ұйғарды. Сөйтіп, олар оқытушы Бекқожин жолдасстың басқаруымен 6-7-8 январьда ұйымдасқан түрде қар тоқтатуға шығып, колхоздың 200 гектарға жуық егіс алаңына қалқандар орнатты.

Қысқы демалыста жақсы тыныққан оқушыларымыз оқу жылының екінші жартысына жаңа күш, жаңа жігермен кіріскелі отыр.

Р. ЖӘМШИНА,

Аралағаш жетіжылдық мектебінің оқу ісін меңгерушісі.

Демалыс көңілді өтіп жатыр

Быйыл оқушылардың қысқы демалысы былтырғыдан да көңілді өтті. Жаңа жылға арналған шырыштар барлық жерде жақсы ұйымдастырылды. Кітапханалардың оқу залдарында, драма театрында, мұз алаңдарында оқушыларды құшақ жайып қарсы алысты. Сол сыяқты, мен де көңілді дем алдым. Кинолар көрдім, кітаптар оқыдым. Оқыған кітаптарымың ішінде Совет Одағының көрнекті жазушысы Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романы маған өте қатты ұнады. Сөбит Мұқановтың «Менің мектептерім», Рабит Мүсіреповтың «Қазақстандық солдаттың» осы қысқы демалыс уақытында оқып шықтым.

Ж. АЙТБАЕВА,

Калинин атындағы қазақ орта мектебінің 6-класс оқушысы.

верпен соғыс трибунал қозғалысына қатысу ақтап жіберген-ді. Ал зылық білдірген соғыс лабы бойынша іс жоқ болатын.

Қарсылық білдіруші

ДЕГОЛЫН

ПАРИЖ, 8 январь. және «Либерасьон» газетінің құрамы» деп партиясынан шыққан сөздердің жанадан жасалған әрекетін хабарлауда. «Нител» газеті редакциясы қарсысындағы Маил

ЕГИПЕТ

ПАРИЖ, 8 январь. Пресс агентінің Каирға қарағанда, Египет Хуссейн-бейдің бұйрығымен Египеттің жеке менші

ПАРИЖ, 9 январь. Пресс агентінің Бр

«УДАРНИК» КИНО

«ХАУІПТІ»

Сеанстар сағат 6-8

Петропавл элеваторының жұмысшыларының пікірлері керек.

Адрес: Осипенко элеватордың кадр бөлімі

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33.2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0,22, газет табыс етілмесе —